

Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

Ұлттымыздың ұлы тұлғасы – Шәкәрім



Қазақ халқының ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл. Шәкәрім – жарты ғасырдан астам шығармашылық өмірінде әдебиеттің барлық жанрында ар, ұят, ынсан, қайғы мәселелерін философиялық логикада түнғыш рет қарастырган ойшыл. Өз философиясында ақыл-ой, ұждан мәселелерін анықтаған.

Ұждан дегеніміз –ынсан, мейірім, әділет. Бұл екі өмірге де керек іс. Жанға азық болатын құндылық. Ақыл – ойдың жиырма сегіз түрін көрсеткен. Соның ішінде сау ақыл деп соған ерекше тоқталған философ. Адамды басқа тірі жандылардан өзгешелендіретін оның ақыл-ойы емес пе, Шәкәрім өз философиясында дүниені танушы, адамды адамдық негізге жетелейтін, ең негізгі қасиеті ретінде ақыл – ойды қарастырган.

Б.Өтешов атындағы үлгілі балалар кітапханасында Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жылдығына орай «Ұлттымыздың ұлы тұлғасы – Шәкәрім» атты танымдық сабактары өтті. Іс-шараға Жаңаарқа аудандық “Оқушылар үйі” КММ-ң жазғы сауықтыру лагеріндегі балалар қатысты. Балалар ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, өмірі, шығармашылығына арналған сұрақтарға жауап берді. Шәкәрім Құдайбердіұлының өнегесі – әрқашан жас үрпакқа үлгі, жастарға тағылым.

Б. Өтешов атындағы үлгілі балалар кітапханасының ұжымы